

Батыс-Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының
Жалпақтал филиалы.

Жалпақтал ауылы

“Құрметті жолшы” зейнеткер
Мұқсен Бақтыгереевтің
жеке тектік құжаттары

Т а р и х и а н ы қ т а м а

19 қазан 2006 жыл.

Мұқсен Бақтыгереев 1938 жылы 12-ші сәуірде Фурманов ауданы
Тендік ауылдық Кеңесінің Борық ауылында дүниеге келген.

1945 жылы Буденный атындағы орта мектептің бірінші сыныбына
барып, 1955 жылы Фурманов орта мектебін бітіріп шыққан. 1955
жылы Орал қаласындағы № 9-шы техникалық училищесіне түсіп 1956
жылы бітіріп шығып, Орал қаласындағы Ворошилов атындағы заводта
токарь болып істеген. 1956 жылдың қараша айынан бастап, Фурманов
ауданындағы № 42-ші жол пайдалану бөлімшесіне жол оңдаушы болып
қызметке кіріседі. 1960 жылдан 1962 жылға дейін осы мекемеде
инженер болып қызмет істеген.

1980 жылы Саратов қаласындағы Бүкіл одақтық жол құрылыс
техникумына сырттай түсіп 1983 жылы бітіріп шыққан.

1965 жылдың ақпан айынан бастап, № 42-ші жолды іске қосу
мекемесіне бастық болып тағайындалған.

Содан осы кезге дейін яғни 2006 жылдың тамыз айына дейін үздіксіз
50 жылдай жұмыс істеп, оның 41 жылын осы мекеменің басшылық
қызметіне жұмсаған.

2001 жылы «Құрметті жолшы» омырау білгісімен марапатталса,
2005 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет
грамотасымен марапатталған.

«Құрметті жолшы» зейнеткер М.Бақтыгереевтің жеке тектік қорын
филиалға мемлекеттік сақтауға қабылдап, төмендегі құжаттарды
жүйелеп тізімдеме жасап отырмыз.

Олар Ғұмырнамалық құжаттары 14 іс, медальдары 3 іс, құрметті
атақтары 2 іс, Құрмет грамоталары 9 іс, дипломдары 2 іс, алғыс хаттар
7 іс, ақпарат құралдарына жазылған мақалалары 3 іс, және 10
фотосуреттер.

М. Бактыгереевтің жеке тектік қорына барлығы 7 сақтау бірлігі 52 есеп бірлігі енгізіліп, облыстық мемлекеттік мұрағатының сараптау комиссиясына жолданып отыр.

Қабылданған құжаттардың қайсысы түп нұсқа , қайсысы көшірме екендігі тізімдемеде көрсетілді.

Жалпақтал филиалының
директоры :



Б.Бекешев.